**БЕКІТЕМІН**
"Достық" балабақшасы" МКҚК
меңгерушісі
__________И.Маслова
«____» __________2022 ж.

**2022-2023 оқу жылының мектепке дейінгі ұйымдағы ортаңғы топқа арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жұмыс жоспары**

| Рет № | Ұйымдастырылған іс-әрекет* | **«Балапан» ортаңғы тобы** ортаңғы топ (3 жастағы балалар) |
|---|---|---|
| 1 | Дене шынықтыру | аптасына үш рет |
| | Дене шынықтыру** | күн сайын |
| 2 | Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет | күн сайын |
| | Қазақ тілі | аптасына бір рет |
| | Қазақ тілі *** | күн сайын |
| 3 | Сауат ашу негіздері | - |
| 4 | Математика негіздері | күн сайын |
| 5 | Қоршаған ортамен таныстыру | күн сайын |
| 6 | Сурет салу | күн сайын |
| | Мүсіндеу | |
| | Жапсыру | |
| | Құрастыру | |
| 7 | Музыка | аптасына бір рет |
| | Музыка**** | күн сайын |
| 8 | Арнайы түзетуші іс-әрекет***** | күн сайын |

Ескерту:

* Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық

сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметттік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

** Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

***Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

****Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.

***** Арнайы түзетуші іс-әрекет арнайы мектепке дейінгі ұйымдарда, мектепке дейінгі ұйымдардың арнайы топтарында мүмкіндігі шектеулі балалар үшін жүргізіледі.